

«Сейфуллин оқулары–12: Ғылым жолындағы жастар - болашақтың инновациялық әлеуеті» атты Республикалық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары = Материалы Республиканской научно-теоретической конференции «Сейфуллинские чтения–12: Молодежь в науке-инновационный потенциал будущего». – 2016. – Т.І, ч.1. – Б. 402-404

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЕТТІ-ЖҮНДІ ҚОЙЛАРЫНЫҢ ӨНІРЛІК АЙМАҚТАРЫНА БАЙЛАНЫСТЫ ЗООТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАСЫ

Мухаметжарова И.

Қой шаруашылығы дамуының қазіргі кезеңі өнімділігі жоғары, тез жетілгіштік және өнімімен азықты жоғары өтеу қабілеттілігі қасиеттеріне ие қой тұқымдарын өсіруге көп көңіл бөлінумен сипатталады. Бұл талаптарға біршама дәрежеде етті-жүнді бағыттағы қой тұқымдары сәйкес келеді [1].

Етті- жүнді қой тұқымдары құнды биологиялық және өнімділік ерекшеліктеріне ие: жылдам өсіп, шаруашылықтық қолдану үшін ерте жетіледі, ет және жүн өнімділігі жоғары [2].

Етті-жүнді қой тұқымдарының негізгі таралу аймағы Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан және Батыс Қазақстан облыстары болып табылады.

Еліміздің оңтүстік және батыс өңірлерінде етті-жүнді қой шаруашылығын одан әрі дамыту және жетілдіру, жоғары ет және жүн өнімділігі қатар үйлесетін жоғары өнімді жануарлардың генетикалық тұрақты тобын құру қажеттілігін талап етеді.

Қазіргі уақытта Жамбыл облысы, Шу ауданындағы «Батай-Шу» асыл тұқымды шаруашылығы Шу сүлесіне жататын қазақтың етті-жүнді қой тұқымын өсіреді. Бұл қой тұқымының Қалшеңел сүлесі еліміздің оңтүстік-шығыс аймағында өсіріледі. Ақжайық етті-жүнді тұқымының үздік қойлары негізінде Батыс Қазақстан облысы, Тасқала ауданындағы «Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті» асыл тұқымды шаруашылығында өсіріледі.

Шу сүлесі профессор М.А.Ермеков және а.ш.ғ.д., профессор Ю.А.Скоробогатовтың жетекшіліктерімен Жамбыл облысы Шу ауданы шаруашылықтарында шығарылған. Шу сүлесінің қойлары жоғары жүн өнімділігімен ерекшеленеді [2]. Қошқарлары өздеріне тән денесінің кеңдігі, кеуде орамы, сербек ені мен жіліншік орамы бойынша басым болып, денесі жұмыр, төзімділігі жоғары және берік конституциялы болып келеді [3].

Шу сүлесінің қошқарлары жүн түсімі бойынша жоғары көрсеткіштерге ие, олар Қалшеңгел сүлесінен 0,8 кг артық, ал ақжайық тұқымымен салыстырғанда, 1,4 кг асып түскен, жүн ұзындығы бойынша Қалшеңгел сүлесінен 0,2 см асса, ақжайық етті-жүнді тұқымынан 2,2 см-ге кем болған, таза жүн шығымы 51,0-52,0% тең. Саулықтардың орташа тірілей салмақтары $57,3 \pm 0,41$ кг, жүн түсімі $4,2 \pm 0,12$ кг, жүн ұзындығы $10,3 \pm 0,03$ см, таза жүн шығымы 50-52 %, жүн сапасы 56-58 аралығында болды (1-кесте).

Қалшеңгел сүлесі қойларының басты ерекшелігі жыл бойы жайылымдық күтіп-бағуға жақсы бейімділігі болып табылады. Бұл қойлардың аса маңызды биологиялық құндылығы тез жетілгіштігі, таза жүн шығымының биязы жүнді қойларға қарағанда 15-20%-ға жоғары болуы және еліміздің оңтүстік-шығысының шөл және шөлейт аймақтарының ыстық құрғақ климатына жақсы бейімділігі. Қалшеңгел сүлесі еркек қозыларының тірілей салмағы туғанда Шу сүлесінің қозыларынан 1,25 кг асып түссе, ақжайық етті-жүнді тұқымының қозыларынан 1,63 кг басым болды. Қалшеңгел еркек қозылары туғаннан ежелерінен бөлінетін кезге дейін 30,07 кг салмақ қосса, Шу сүлесінің қозылары 28,02 кг және ақжайық етті-жүнді қозылары 33,3 кг қосқан. Жүн түсімі бойынша, еркек қозылары I топтан 0,8 кг, ал III топтан 0,7 кг-ға кем болған, ұрғашы қозылары I топтан 0,3 кг, ал III топтан 0,5 кг кем түскен, яғни айырмашылық айтарлықтай үлкен емес.

1-кесте. ҚЕЖҚ тұқымының Шу, Қалшеңгел сүлелері және Ақжайық етті-жүнді қой тұқымының жалпы сипаттамасы

I – Шу сүлесі (ҚЕЖҚ)		
Көрсеткіштер	Еркек	Ұрғашы
Тірілей салмағы, кг:		
-туғанда	4,38±0,03	3,76±0,04
-4-4,5 айында	32,4±0,44	29,7±0,46
-ересек мал	95,5±0,35	57,3±0,41
Жүн түсімі, кг	6,8±0,11	4,2±0,12
Жүн ұзындығы, см	12,2±0,20	10,3±0,03
Таза жүн шығымы, %	51-52	50-52
Жүн сапасы	56	50-56-58
II – Қалшеңгел сүлесі (ҚЕЖҚ)		
	Еркек	Ұрғашы
Тірілей салмағы, кг:		
-туғанда	5,63±0,21	4,67±0,12
-4-4,5 айында	35,7±0,34	32,8±0,34
- ересек мал	101,0±0,55	74,6±0,87
Жүн түсімі, кг	6,0±0,21	3,9±0,07
Жүн ұзындығы, см	12,0±0,23	10,1±0,12
Таза жүн шығымы, %	50,0	50,21
Жүн сапасы	50	50-48
III – Ақжайық етті-жүнді тұқымы		
	Еркек	Ұрғашы

Тірілей салмағы, кг:		
-туғанда	5,7±0,23	3,7±0,11
-4-4,5 айында	37,3±0,45	34,1±0,32
- ересек мал	104,9±0,87	60,0±0,52
Жүн түсімі, кг	6,7±0,18	4,4±0,03
Жүн ұзындығы, см	14,4±0,22	13,1±0,16
Таза жүн шығымы, %	64,0	62,5
Жүн сапасы	58-54	52-48

Еліміздегі кроссбред жүнін беретін етті-жүнді бағыттағы болашағы бар қой тұқымдарының бірі ақжайық етті-жүнді қой тұқымы болып табылады. Ақжайық етті-жүнді қой тұқымы биязы және биязылау-қылшық жүнді саулықтарды $\frac{1}{4}$, $\frac{3}{4}$ қан үлесіндегі линкольн, ромни-марш етті-жүнді тез жетілгіш тұқымдарының қошқарларымен күрделі зауыттық будандастыру және ұнамды типтегі жануарларды кейін «өз ішінде» өсіру арқылы шығарылған [4]. Қазіргі кездегі ақжайық етті-жүнді қой тұқымы ірі бойымен, дене бітімінің дұрыс қалыптасуымен және жоғары ет пен жүн өнімділігінің қатар үйлесуімен сипатталады. Бұл тұқым қойлары кроссбред жүндес, қозылары тез жетілгіш, етті болып келеді. Еттілік өнімі басқа тұқымдарға қарағанда жоғары болып келеді [5].

Ақжайық етті-жүнді тұқымы қошқарларының тірілей салмағы Шу сүлесіне қарағанда 17,4 кг, ал Қалшеңгел сүлесі қошқарларына қарағанда 3,9 кг басымдылық көрсеткен. Ақжайық етті-жүнді тұқымы қошқарлары жүн ұзындығы бойынша басымдылық көрсеткен: I топтан 2,2 см, ал II топтан 2,4 см артық болған, ал саулықтары, сәйкесінше, 2,8 см; 3,0 см басым болған. Жүн шығымы бойынша қошқарлар I топтан 12%, ал II топтан 14% басым, ал саулықтар, тиісінше, 10,5% және 12,3% артық болған.

Алдағы уақытта Қазақстанның етті-жүнді қойларының өнімділік және тұқымдық ерекшеліктерін әрі қарай зерттеу жұмыстары жүргізіледі.

Әдебиеттер тізімі

1. Касым Т., Мусаханов А. Аксенгерские мясошерстные овцы. – Алматы; Бастау. –2008. – 168 с.
2. Касымов К.М., Оспанов С.Р., Хамзин К.П. Казахские мясо-шерстные овцы. – Алматы; - 2010. – 192 с.

3. Исламов Е.И. «Батай-Шу» асыл тұқымды шаруашылығындағы тұқым ішіндегі кіріспе будандастыру нәтижелері //Жаршы. – 2004, №11. – 10-14 б.

4. Traisov B.B., Yuldashbayev Y.A., Sultanova A.K., Esengaliyev K.G., Bozymova A.K. Growth and Development of Lambs of the Akzhaik Sheep Depending on Selection // Biology and Medicine. - <http://www.biolmedonline.com>. // 15.02.2016

5. Б.Б.Траисов. Акжайкские мясошерстные овцы // Овцы, козы, шерстяное дело. -2013, №3 – с. 4-6.

Ғылыми кеңесші – а.ш.ғ.д., доцент Е. Исламов